

**ЖАҢА ЖІБЕК ЖОЛЫ ТУРИСТІК ДЕСТИНАЦИЯСЫ ТҰРАҚТЫ  
ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУДЫҢ КОМПОНЕНТІ РЕТІНДЕ****Тұрғамбекова Жансая Ержанқызы**[zhansayaturgambekova@gmail.com](mailto:zhansayaturgambekova@gmail.com)

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, «Туризм» кафедрасының докторанты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан Республикасы  
Ғылыми жетекшісі – Р. Е. Ағыбетова

Дәстүрлі Жібек Жолы Шығыс (Қытай) пен Батысты (Оңтүстік Еуропа) байланыстыратын, 6500 км созылатын сауда жолдарының жүйесінен құралды. Саудагерлер, көпестер, қажылар, монахтар, сарбаздар мен көшпенділер өткен Жібек жолының дәстүрлі бағыттары Қытай, Үнді субконтиненті, Персия, Аравия және Еуропа өркениеттерін дамытуда маңызды рөл атқарды. Шығыс Қытайдан Жерорта теңізінің тұрғындарына дейінгі халықтар жібек, фарфор және шай сияқты тауарларды сатудан ғана емес, сонымен қатар идеялармен (мысалы, діндер) және технологиялармен (мысалы, Қытайдан жасалған оқ-дәрімен) алмасудан пайда тапты. Дәстүрлі Жібек жолы осы аймақтар тұрғындарының өзара мәдени байланысына ғасырлар бойы ықпал етті. Қытайдың Шанхай және Шэньчжэнь сияқты жағалаудағы аудандары аз шығынды өндіріс үшін негізгі орындар болды. Бұл жағалаудағы өңірлер жұмыс күшіне еркін қол жеткізуді және шикізат пен дайын өнімнің импорты мен экспорты үшін қолайлы мүмкіндіктерді қамтамасыз етті.

«Жаңа Жібек жолы» термині Александр Ван де Путт, Гед Дэвис және Вай Чив Чик 2006 жылғы Дүниежүзілік экономикалық форумның «Қытай және 2025 жылға дейінгі әлемдік сценарийлер» баяндамасында алғаш рет қолданылған «жаңа Жібек жолы» термині амбициозды көп миллиард жобаны білдіреді. Қазақстан арқылы өтетін жаңа Жібек жолы ұзындығы 2500 км темір жол бойымен Қытай мен Батыс Еуропамен байланыстырады. Өзінің мәдени және көзқарас ерекшеліктерімен бірге ежелгі керуендер әлемдік жағдайды өзгерткендей, Қазақстан Орталық Еуразиядағы Жібек жолының қазіргі заманғы эквивалентіндегі негізгі элемент болып табылады. Сондай-ақ жаңа Жібек жолы экономикалық өсуді ынталандырады және бүкіл әлемге әлеуетті әсер етеді. Қытайдың Еуропамен, Түркиямен және Таяу Шығыспен байланысы А пунктiнен Б пунктiне дейінгі транзиттік маршрутқа қарағанда көп болады. Жаңа Жібек жолы экономикалық дәліз құрады және сауда мүмкіндіктерін кеңейте отырып, тұрақтылық пен энергетикалық қауіпсіздікке ықпал етеді [1].

Қазақстан – тарихи және мәдени мұрасы бай ел. Еуразия орталығында орналасқан Қазақстан әлемнің ежелгі өркениеттері тоғысқан торапта, Батыс пен Шығыс, Оңтүстік пен Солтүстік арасындағы көліктік, әлеуметтік және экономикалық, мәдени және идеологиялық қиылыста тұр. Ерте заманда Қазақстан даласы арқылы Ұлы Жібек жолы өтті. Тарихтың әртүрлі кезеңдерінде қазіргі Қазақстан аумағында өзіндік мәдени тарихы бар мемлекеттер пайда болып дамыған. Табиғи көрнекі жерлерден басқа, Қазақстан әлемдік маңызы бар Ұлы Жібек жолында орналасқан тарихи-мәдени ескерткіштерге бай. Ұлы Жібек жолында транзиттік турларды ұйымдастыру әсіресе өзекті, өйткені ол Қазақстанға Жапония, Малайзия, Қытай, Корея сияқты елдердің, сондай-ақ Еуропа мемлекеттерінің қызығушылығын тудыратын аймаққа кіруге мүмкіндік береді. Ұлы Жібек жолы – Қазақстандағы туризмді дамытудың басым бағыттарының бірі. Қазақстан үшін «Жібек жолы» жобасы елдің транзиттік әлеуетін іске асыру, сондай-ақ республиканың оңтүстік және батыс өңірлерінің сенімді көліктік байланысын құру тұрғысынан өте тартымды. Бұл жоба қазіргі әлемдегі Қазақстан үшін ең қызықты және әлеуетті жоба болып табылады. «Батыс Еуропа - Батыс Қытай» - Қытайдан Еуропаға жүк тасымалдау үшін ең жылдам жол. Бұл қашықтықты авто дәліз арқылы өтуге 10 күн, темір жолмен 15 күн және теңіз көлігінің көмегімен 45 күн кетеді. «Батыс Еуропа - Батыс Қытай» халықаралық транзиттік дәлізінің

қазақстандық бөлігінің ұзындығы 2 787 км құрайды, оның 2 452-і қайта жаңартылуға жатады [2].

Бүгінгі таңда жыл сайын әлем бойынша 1 миллиардтан астам турист саяхаттайды. ЮНВТО-ның болжамдары бойынша 2030 жылға қарай халықаралық туристік келушілердің саны 1,8 миллиардқа жетеді. Жаңа Жібек жолы бойындағы көптеген елдер визалық процедураларды жеңілдетуге, аймақтық келісімдерді енгізуге, визалық рәсімдерді аутсорсингке, кіру визаларын қамтамасыз етуге және электронды виза жүйесін құруға қатысты саясатты жүзеге асыруды. Бұл шаралар Жібек жолының «ашықтығын» арттыруға және жолдағы кедергілерді еңсеруге өте пайдалы үлес болып табылады. Бір-бірімен озық тәжірибелермен бөлісу, ашықтықты ілгерілету және Жібек жолы үшін «ортақ виза» жүйесін құру жұмысының маңызды әлеуметтік-экономикалық пайда әкелетіні сөзсіз [3].

2015 жылы Forbes Жібек жолын «әлемдегі ең мықты брендтердің бірі, тіпті Дисней немесе Кока-Коладан да үлкен» деп сипаттады. Саяхаттау бағыттарының маркетингіне келетін болсақ, Жібек жолы үлкен және қуатты негізге ие деп толық сеніммен айтуға болады. ЮНВТО-ның зерттеуі көрсеткендей, қазіргі уақытта Жібек жолы әлемдегі ең жиі талқыланатын онлайн туристік бағыттардың бірі болып табылады. Саяхаттау бағыттары бірлескен маркетингтік тәсілді қолдануы керек және жалпы құндылықтар жиынтығы бар хабарламаларды таратуға ықпал етуі керек. Жібек жолы брендин жақсарту және барлық маркетинг пен жылжыту жұмыстарының тиімділігін арттыру үшін келісілген маркетингтік хабарламалар қажет.

Жібек жолы бағытының Қазақстан аумағы арқылы өтетін бөлігі - Орталық Азия халықтарының көшпелі және отырықшы ауылшаруашылық мәдениеттерінің өзара әрекеттесуінің терең процестерін бейнелейтін тарихи, археологиялық, сәулет, қала және монументалды өнер ескерткіштерінің ерекше кешені. Ал ХХІ ғасырда Жібек жолының қайта жандануы мүдделі тараптарды тек қана мәдени тұрғыдан ғана байланыстырып қоймай, экономиканың тұрақты сегментіне айналуы көздейтін құбылыс болуда. Әлемдік экономикалық айналымның 1/10 құрайтын туризм саласы тұрақты экономикалық дамуды қамтамасыз ететін бірден-бір құраушы.

Ұлттық бірегейлікті күшейтетін және туризм саласынан барынша пайда алуға мүмкіндік беретін әлеуетті арттыру үшін дестинацияларды тиімді басқаруды жүзеге асырады. Тиімді менеджмент стратегияларын қолдана отырып, бағыттар экономикалық өсуге, жергілікті өнер мен мәдениетті сақтауға, бизнесті әртараптандыруға және саяхат маусымының қысқаруына ықпал етеді. Өзінің бай мәдени мұрасы мен өзара байланысты туристік нысандарының арқасында Жібек жолы трансшекаралық бастамалар мен аймақтық инвестициялық мүмкіндіктерді жүзеге асыру үшін өте қолайлы.

Алайда, қазіргі уақытта оның өсуіне және дамуына кедергі келтіретін бірнеше проблемалар бар. Жібек жолы елдерінде өнімдер, қызметтер, қонақүйлерде орналастыру деңгейі және шет тілдерін білу деңгейі айтарлықтай өзгереді. Туристік ақпараттық қызметтер сирек кездеседі, кейбір жерлерде түсіндіру ақпараты мүлдем болмауы мүмкін. Мұра объектілерін тиімсіз басқару материалдық және материалдық емес мұраларға қауіп төндіреді. Десек те, жаңа Жібек жолында туризмді дамытудың түпкі мақсаттарына қол жеткізу үшін көптеген іс-шаралар мен жоспарлар әлі орындалуы керек. Егер болашаққа көз салсақ, туристік мүмкіндіктің бар екендігін көрсететін бірқатар әлемдік тенденциялар бар екенін көре аламыз. Бүгінгі әлемде орын алған тұрақты даму тенденцияларының негізгі құраушысы болып табылатын табыс факторына жетудің осы ретте мүмкіншілігі мол. Ал табыс туризм процесіне қатысушылардың осы мүмкіндіктерді барынша пайдалану қабілетіне байланысты болады:

✓ 2030 жылға қарай халықаралық туристік келушілердің саны 1,8 миллиардқа жетеді деп күтілуде, демек, іскерлік немесе басқа мақсаттар үшін күн сайын 5 миллион адам халықаралық шекарадан өтеді.

✓ Азия-Тынық мұхиты аймағы 2010–2030 жылдары ең жылдам дамып келе жатқан шығу нарығы болады.

✓ Интернетке қол жетімділіктің ұлғаюы, смартфондар мен байланысты технологиялардың көбеюі сияқты технологияның ілгерілеуі туристік үрдістерге әсер етуді жалғастырады.

✓ Жаңа трансұлттық теміржол желілерін құру және әуе бағыттарының желісін кеңейту арқылы Жібек жолы көлік желісін жетілдіру адамдардың аймақтарды аралап шығу жолдарын өзгертеді.

✓ Азиядағы орта таптың өсіп келе жатқан ауқаттылығы туризмнің дами түсуіне үлкен мүмкіндіктер береді.

✓ Әлеуметтік медиа мен қолданушы құрған контент туристердің саяхаттау шешімдеріне жаңа мүмкіндіктер мен қауіп-қатерлер туғызатындай әсер етеді.

✓ Жас саяхатшылар туристік индустрияның қарқынды дамып келе жатқан сегменттерінің бірі болып табылады, бұл жалпы келушілер санының 20% құрайды, шамамен 160 миллион келушілер және жыл сайын 182 млрд. теңге.

✓ Мәдени туризмге деген сұраныс бұрын-соңды болмаған қарқынды бастан кешіруде және қазіргі уақытта әлемдік туризмнің 40% құрайды.

✓ Саяхатшылар дәстүрлі өнімдерді алумен қатар, тәжірибе мен шынайы әсерлерді байытуға артықшылық бере отырып, ақшаға мүлдем жаңа нәрсені алуға ұмтылатын «әсер экономикасының» өсуі.

✓ Климат пен тұрақтылық мәселелеріне тұтынушылардың сезімталдығының артуы туризмдегі жауапты іскерлік тәжірибе мен корпоративтік әлеуметтік жауапкершілікке деген сұранысты арттырады [4].

Аталған мүмкіндіктерге тоқталатын болсақ, біріншіден, жаңа Жібек жолы туристік дестинациясы тұрақты экономикалық өсуді қамтамасыз етуде тек туризм саласымен ғана емес, сонымен қатар, экономикалық, тасымалдаушылық, мәдени, тарихи, экологиялық, халықаралық, технологиялық, инновациялық қарым-қатынастардан құралады. Азия-Тынық мұхиты аймағы 2010–2030 жылдары ең жылдам дамиды аумақ ретінде болжануда, ал жаңа Жібек жолы туристік дестинация тұрғысынан әлемдік қызығушылықты өзіне аудартуда. Еліміздің осы бір әлемнің туристік қызығушылығын туындатқан құбылыстың дәл ортасында тұрғанын ескерсек, мүмкіндікті тиімді пайдалану ел экономикасының тұрақты дамуына әкелетіні сөзсіз.

Келесі бір үлкен мүмкіндіктер қатарына, интернетке қол жетімділіктің ұлғаюы, смартфондар мен байланыс құралдарының көбеюі сияқты технологияның ілгерілеуі туристік үрдістерге әсер етуді жалғастыруы жатады. Жібек жолы тек бір аймақты ғана емес, бірнеше мемлекетті біріктіретін дестинация болғандықтан, әр өңірдің ерекшеліктері мен артықшылықтары қамтылған 3D карталарының, видео, аудио, фото материалдардың қолжетімділігін және сапалылығын, талап етеді. Орын алған тенденцияларға байланысты әр мемлекетте, аймақтарда құрылған жоспарлар аясындағы жаңа трансұлттық теміржол желілерін құру және әуе бағыттарының желісін кеңейту арқылы, адамдардың аймақтарды аралап шығуына жаңа мүмкіндіктер ашылады. Мәдени туризмге деген сұраныс бұрын-соңды болмаған қарқынды бастан кешіруде. Туристер санының жыл санап қарқынды өсуіне және мәдени туризмге басымдылық беретінін ескерсек жаңа Жібек жолы мәдениетпен байланысты дестинация ретіндегі мүмкіншілігі мол. Саяхатшылар дәстүрлі өнімдерді алумен қатар, тәжірибе мен шынайы әсерлерді сезініге артықшылық бере отырып, ақшаға мүлдем жаңа нәрсені алуға ұмтылатыны байқалады. Бұл құбылыс, туризм саласының мүлдем жаңа бағыттарының дамуына ықпал етеді. Климат пен тұрақтылық мәселелеріне тұтынушылардың сезімталдығының артуы кейінгі уақыттағы әлем экономикасының айналымы экономика бағытында дамуының көрінісі. Саяхатшылардың таңдаған бағытының экологиялық таза екендігі туралы көптеген сұрақтары бар, сондықтан қоршаған ортаны қолдауға бағытталған бастамаларға инвестиция салу сөзсіз. Мүмкін, жақында саяхатқа түбегейлі басқаша көзқарас ұсынатын және өз шешімдерінде озық технологияларды қолданатын жаңа компаниялар мен кәсіпкерлер пайда болады. Экология мәселесі, пластикалық заттарды қайта өңдеу туризм саласы дамуының жаңа деңгейге көтерілуін

қамтамасыз етеді және айналмалы экономикадағы туризм тұрақты экономикалық дамудың маңызды құраушысына айналады.

#### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

1. Рост цифровой экономики – роль и значение финансов в условиях четвертой промышленной революции. [Электронный ресурс]. <https://www.cisi.org/cisiweb2/docs/default-source/The-Review/english-russian.pdf?sfvrsn=0>

2. Өңірлерді дамытудың 2020 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 990 қаулысы.

3. "Introducing Silk Road Tourism Intelligence as a new key pillar" by Mr. Nikolaos Gkolfinopoulos, UNWTO Silk Road Programme [Electronic resource]. – 2018. – URL: [https://webunwto.s3west1.amazonaws.com/imported\\_images/50120/nikolaos\\_gkolfinopoulos\\_-\\_silk\\_road\\_tourism\\_intelligence\\_pillar.pdf](https://webunwto.s3west1.amazonaws.com/imported_images/50120/nikolaos_gkolfinopoulos_-_silk_road_tourism_intelligence_pillar.pdf)

4. 2019-2021 жылдарға арналған Алматы облысының туристік саласын дамытудың мастер жоспары. Талдықорған қ., 2019 ж.